Бекітемін
Мектеп директоры
С.Ш. [signature]

**Қаражар орта мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы ережелер**

**1. Жалпы ережелер**

1.1.Осы ережелер Қаражар орта мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (әрі қарай қолдау қызметі) жұмысын реттейді.

1.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларына көрсетілетін көмек пен қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Ол әрбір баланы мүмкіндіктері мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамытуға арналған әдеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды құратын мамандардың бір тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

1.3. Қолдау қызмет әрекеті:

1) мектепке бейімделмеу және оқуда қиындықтары бар балалардың «қатер» тобын дер кезінде анықтауға;
2) оқушылардың дамудағы ауытқушылықтарын (анықталған сәттен бастап) жеңуге арналған психологиялық-педагогикалық көмекті ерте көрсетуге;
3) оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды білім беру үдеріс жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерді тиімді дамытумен, әлеуметтендіру, денсаулықтарын сақтау және нығайтумен, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыруға;
4) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағымды жағдайларды құруды есепке ала отырып, білім беру ұйымының дамыту бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесуге;
5) педагогтардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениеттілікті) артыруға;
6) оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу, түзете дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингілеуді (психологиялық мониторинг) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1.4. Мектептік құрылымның бір бөлімі болып табылатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әр түрлі білім беру деңгейлерінде жүзеге асыратын міндеттері:

1) бастауыш мектеп – мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу уәждерін дамыту, дербестік пен өзін реттеу қабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруда қолдау, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін және әлеуеттік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Сканировано с CamScanner

*Бекітемін:*

*Қаражар орта мектебінің*

*директоры*

*________ С.Ш.Калиев*

*01.09. 2023жыл*

**2023-2024 оқу жылына арналған инклюзивті білім алушы Шаманов Тұрсынбекке дамуындағы бұзылуын түзету бойынша психологиялық қолдау қызметінің жұмыс жоспары.**

| № | Іс-шаралар жоспары | Мерзімі | Жауапты мамандар |
|---|---|---|---|
| | Оқушыға жекелік мінездеме жазу, отбасы туралы анықтама | Қазан | Психолог |
| | Темперамент типін анықтау | Қараша | Психолог |
| | Кинотерапия | Желтоқсан | Психолог |
| | Тамнымдық процесстерін анықтау | Қаңтар | Психолог |
| | Өзін-өзі бағалау деңгейін диагностикалау | Ақпан | Психолог |
| | Арттерапия | Наурыз | Психолог |
| | Ұсақ маторикасын дамыту | Сәуір | Психолог |
| | Жыл бойы жүргізілген жұмыстарға талдау | Мамыр | Психолог |

**Мектеп психологы: ______ А.С.Койшыбаева**

Сканировано с CamScanner

**Бекітемін:**

**Қаражар орта мектебінің директоры:**

**_______________С.Ш.Қалиев**

**_01.09_______ _______2023жыл**

**2023-2024оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысының жоспары**

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Қаражар орта мектебінің оқушылары арасында тәртібінде немесе денсаулығына өзгерістері бар балаларды уақытында анықтап,ПМПК ұйымдастыру уақытылы | Үнемі | Мектеп директоры<br>Сынып жетекшілер<br>Пән мұғалімдері |
| 2 | Денсаулығында өзгерісі бар оқушылардың тәртібін,денсаулығын, оқуын мамандар бірлесе отырып кеңестер ұйымдастыру | Желтоқсан | Мектеп директоры<br>Сынып жетекшілер<br>Пән мұғалімдері |
| 3 | Кеңескен құрамда ПМПК мүшелері болып үйден оқитын және инклюзивті білім алушы оқушылардың сабақтарына еніп, динамикалық бақылау жасау | Әр тоқсанның аяғында | ПМПК мүшелері |
| 4 | Қаражар орта мектебіндегі үйден оқитын оқушы, және инклюзивті оқитын оқушыларды педагогикалық және психологиялық қолдау жұмыстары | Үнемі | Мектеп директоры<br>Сынып жетекшілер<br>Пән мұғалімдері |
| 5 | Қаражар орта мектебінің оқушылары арасында тәртібінде немесе денсаулығында өзгерістері бар балаларды уақытында анықтап,ПМПК ұйымдастыру уақытылы | Мамыр | Мектеп директоры<br>Сынып жетекшілер<br>Пән мұғалімдері |

**Мектеп психологі: А.С.Койшыбаева**

Сканировано с CamScanner

**2023-2024 оқу жылында үйден оқитын оқушы Шаманов Тұрсынбекпен жүргізілген жұмыстарға психологиялық талдау.**

Қаражар орта мектебінде психологиялық-педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес оқуында қиындығы бар оқушы **(жеңілдетілген ақыл-ой кемістігі)** Шаманов Тұрсынбекпен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің арнайы педагог-психологы А.С.Койшыбаева жыл басынан бері төмендегідей жоспарда жұмыстар жүргізді. Ең алдымен оқушының сабаққа және демалыстан кейінгі мұғаліміне бейімделуі бақылауға алынды. Одан кейін оқушының танымдық процесстерін, өзін-өзі бағалау деңгейін диагностикалау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар оқушының темперамент типі анықталды. Оқушының темперамент типі-**флегматик.Флегматик типі-**эмоциялық қозуы әлсіз болады, қызуланып желікпейді, елеуреп ашуланбайды, көңіл-күйлері байсалды, орнықты қалпында ұзақ сақталады, баяу өзгереді, жарқырап қуануы да, жабырқап қайғыруы да қиын. Нәтижесінде Тұрсынбектің мінезі салмақты. Дегенмен денсаулық жағдайына байланысты ауысып отырады. Және де Тұрсынбектің үйдегі психологиялық ахуалы бақыланып, ата-анасымен тығыз байланысып отырылады. Ата-анасына Тұрсынбектің сөйлеуін, мінезіндегі өзгерістерді және де әлеуметтік жағдайын да толық қамтамыз етіп отыруына кеңестер жүргізіліп тұрады.Қазіргі таңда Тұрсынбектің жағдайы қалыпты деңгейде алайда жиі ауырып қалуына байланыста кейбір жұмыстарды жүргізу сабақ жоспарынан тыс жеңілдетіліп алынып отырады. Яғни жоспарға сәйкес тапсырмалардың орнына арттерапиялық жаттығулар, ұсақ қол маторикасын дамыту, кинотерапия секілді өзі қызығушылық танытатын жұмыстар жүргізіліп отырады. Тұрсынбекпен жасалынған жұмыс психологиялық-педагогикалық консилумда талқыланып, талдаулар жасалып, қолдау жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырады.

**Мектеп психологы:** *(қолы)* **А.С.Койшыбаева**

Сканировано с CamScanner